

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОНСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вонора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Бүлекбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВОЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың араласуымен Р.Қошқарбаевқа 1999 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының жоғарғы «Халық қаһарманы» атағы берілді. 2005 жылы Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, т.ғ.к. Болат Асановтың құжаттарының негізінде Ресей Федерациясының Президенті В.Путин Р.Қошқарбаевтың ерлігін ресми түрде мойындады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Неустроев С.А. Русский солдат: Путь к рейхстагу. – Екатеринбург: институт Урал, 1996. – 208 с.
2. Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында. (Тарихи-құжаттық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2010. – 640 б.
3. Субботин В.Е. Соғыс қалай аяқталған еді. – Алматы: Жазушы, 1972, – 224 б.
4. Жанайбекова А. Ұлы жеңістің ерекше оқиғасы // Отан сақшысы. №22 (4912), 20 мамыр, 2000. – 6 б.
5. Қабышұлы Ғ. Рахаң // Жас Алаш 2010. 12 мамыр № 37, – 5 б.
6. Қошқарбаев Р. Жеңіс жалауы. Естелік. – Алматы, 1978. – 168 б.
7. Ұлы Жеңіс: жаңа көзқарастар және қадамдар – Жеңістің 65-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2010, - 356 б.
8. Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев: Естеліктерді құрастырып, алғы сөзін жазған О.Темірханов. – Алматы: Жібек жолы, 2005 жыл, 216 б.
9. Асанов Б.К., Ким С.Е. Знамя Победы. Запоздалая правда. – Алматы: Агенство «Маматай», 2008. – 136 с.

Шыныбеков Б.Ш.

**ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН
ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ
(XVIII-XIX ғасырлардағы Ресей ғалымдарының деректерінің негізінде)**

XVIII ғасырдың екінші ширегінен бастап қазақ даласына әртүрлі мақсаттағы патша елшілері, зерттеуші ғалымдар көптеп келе бастады. XVIII ғасырдағы қазақтардың тарихын, тұрмыс-тіршілігін баяндайтын еңбектерді Д. Кэстль, П.И. Рычков, капитан И.Г.Андреев т.б. жазып кеткен болатын. Олардың еңбектеріндегі тарихи-этнографиялық материалдарда қазақ қыздары мен әйелдері туралы өте құнды мәліметтер бар.

1736 жылы Орынбор экспедициясының құрамында болған, ағылшын Джон Кэстль Кіші жүз ханы Әбілхайырдың ордасына келеді. Осы сапар барысында көрген-білгендерін ағылшын саяхатшысы өз күнделігіне жазып отырған. Оның күнделігі 1784 жылы Рига қаласында неміс тілінде жарық көрген болатын. Күнделікте қазақ халқының түрлі әлеуметтік топтарының күнделікті тұрмысы, салт-дәстүрі туралы мәліметтермен бірге, қазақтың қыздары мен әйелдері туралы да деректерді бар. Д.Кэстль өз күнделігінде қазақтың қыздары мен әйелдерінің сыртқы пішіндері мен киім киістері туралы: «Қазақ әйелдерін тек бас киіміне қарап ажыратуға болады, бас киімнің үстінен жүзін ешкім көрмесін деп бетіне перде жауып жүреді. Олардың тұрмысқа шықпаған қыздары киетін бас киімі ұзынша келген, ұшы найзадай болады, екі бөліктен тұрады, қайырмасын күндыздан істейді, бұхар барқытымен тысталады. Олар бас киімнің сан алуан түрін киеді, күміс жіппен және түрлі қауырсындармен безендіріледі. Құлақтарына әртүрлі салпыншақтар тағады. Қазақтардың тұрмысқа шықпаған қыздары орыс қыздары сияқты шаштарын өріп алады. Жалпы әйел затының киімі бұхар барқытынан, жібек матадан, тафтадан, жол-жол және гүлді шыттан тігіледі», - деп сырттай бақылай отырып, XVIII ғасырдағы қазақ әйелдерінің киім-киісін сипаттап жазып кеткен [1, 85 б.].

Кіші Ордада аз уақыт болғанына қарамастан Д. Кэстль қазақтардың үйлену ғұрыптары, соның ішінде қалыңмал төлеуі мен оның мөлшері туралы «Жігіттер көңілі қаласа 3,4,5 әйел ала алады, бұл олардың төлеу қабілетіне байланысты. Олар ақша дегенді білмейтін болған соң, әйелді биеге, қасқырдың, түлкінің, қарсақтың терісіне сатып алады. Қыздың құны сұлулығына қарай елу, алпыс, кейде тіпті одан да көп мал болады немесе соның құнына тұратын жоғарыда айтылған терілер болады. Саудасы келіскен соң бірден қолда бар малын береді, жетпегенін кейін барымтадан түсіріп толтырады.

Малын түгел төлегенше жігіт қалыңдығын әкете алмайды. Соңғы малын төлеп болғанша қалыңдық әке-шешесінің үйінде жұмысын істеп жүре береді» деп, жазған [1, 86 б.].

Саяхатшы қазақ халқының ұрын бару салтының мәнін дұрыс түсінбесе керек, бірақ елден естуі бойынша өз еңбегінде былай деп жазады: «Саудасы келіссе күйеу жігітке қалыңдығының қасында үш түн түнеп шығуға рұқсат болады, оның өзі бір қызық. Мәселе былай болады, киіз үйдің ішіне кілем төселеді, оның жартысы іште, жартысы сыртта жатады, ортасын кереге бөліп тұрады, ішкі жағында қалыңдық жатса, сыртта күйеу бала жатады. Кейде ата-аналар көп жағдайда түнде күйеу баласының жан баласына білдірмей қойындасып бір төсекте жататынына бөгет жасай алмай қалады. Бір түн өткеннен кейін, күйеу бала ертеңіне жаңа әйеліне екі көйлек, бір пар іш киім, басына орайтын жаулық әкеліп береді, бұл екеуінің арасындағы «сауданын» дұрыс болғандығын көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай, ол қалыңдығының құнын толық төлемейінше, бір нәрсесі кем болып тұрса, әйелін ала алмайды, қыздың ата-анасына, туған-туысқандарына өзінің көрінуіне болмайды. Сондықтан олар болашақ күйеу баласына кездесе қалса, ол бірден теріс айналып кетеді, аналар да сөйтеді, бір-бірінің жүзін көрмей өтіп кетеді. Ал егер күйеу бала құнын түгел төлесе, ол әйелін алып кетеді, жақсы деген бір тайын сойып тастайды, содан кейін кейде тойды үш жылдан кейін жасайды» [1, 87 б.].

Ағылшын саяхатшысы қоғамдағы қазақ әйелінің орны туралы өз күнделігінде: «Қырғыз әйелдерінің ішінде алдымен ұл туған әйелдің мерейі үстем болады, сол әйел үй шаруасын билейді. Дегенмен бұлар әйелдерін күн есебінде ұстайды, оларға жұрттың көзінше тамақ ішуге рұқсат жоқ. Әйелдер жұмыстың бәрін істейді, тіпті күйеулерінің атын ерттеп береді, жол жүріп келгенде, аттан түсіріп алады, аттың ерін алады, оларды суарады, шөп салады, күйеуі тек қана барымтаға және аңға шығуға қатысты жұмыстарды ғана істейді немесе сондай бір іс болардың алдында ұйықтап алуды ғана біледі. Осыған қарамастан күйеуі үйдің толық қожасы, тіпті қолға түскен қыздар да оған қызмет жасайды. Сондай қыздардың біреуі оған бала туып берсе, ондай бала заңды некеден туған балалар сияқты еш нәрседен кемшілік көрмейді және бірдей құрметке ие болады» - деп, XVIII ғасырдағы қазақ әйелінің күнделікті тұрмыс-тіршілігімен таныстыра отырып, сыни пікірлерін де білдіре жазған [1, 87 б.].

1769-1772 жылдары «Орынбор өлкесінің Колумбы» атанған капитан Н. Рычков Қара Торғай, Терісаққан, Есіл аймағында, Усть-Уйск, Крутояр, Тройцк бекіністері төңірегінде қазақ өлкесі жөнінде мәліметтер жинастырып, кейінірек оның «Капитан жазбалары» деген еңбегі жарық көрді. Осы еңбекте ол қазақ әйелдері туралы «... қазақтың бәрі жұмысқа қаншалықты жалқау болса, бұл халықта олардың әйелдері соғұрлым еңбекқор келеді. Малды қарап күту, үйдің бүкіл шаруасы, өздерінің жерлеріндегі барша қолөнер істері қашанда әйелдің міндетінде», - деп үй ішіндегі жұмыстың басым көпшілігі әйелдерінің мойнында екендігін айтады [10, 89 б.]. Қазақтардағы қалыңмалы мөлшері капитанның жазбасы бойынша: «Қазақтар қалыңмалды дәулетіне қарай және қалыңдықтың көркі мен қасиетіне қарай береді. Қалыңдық үшін берілетін ең орташа деген шама – бір тұтқын, 30 не 40 жылқы және жорық қару-жарағы», - болып табылады. Н. Рычков өз еңбегінде қазақ қыздарының атастырылуы туралы: «...қыз балаға жастайынан құда түсіп, атастырып қояды», - деген болатын [2, 88 б.].

1785-1790 жылдары аралығында қазақ халқына тұрмыс-тіршілігіне, тарихына қатысты сүбелі еңбек жазған, 50 жылдай Оңтүстік Сібір және қазақ даласында әскери қызмет атқарған әскери инженер, капитан И.Г. Андреев болды. Оның «Описание средней орды киргиз-кайсаков» деп, аталатын еңбегінде қазақ әйелдері мен қыздары туралы өте көп мәліметтер келтірілген. Онда қазақ әйелдері туралы: «Әйелдер әдемілеу болып келеді: әртүрлі тайпалардан араласқан азиялық халық ретінде қалмақтарға көбірек ұқсайды: денелері тығыз, бала тәрбиелеуге ерекше қабілетті. Шаштары ұзын және қара, екі бұрым қылып өріп жүреді және сәндік үшін еденге дейін жететін сақиналардағы жібек шашақтар тағады. Бастарына биік бас киім киеді, оның жоғарғы жағынан ақ орамалды арқасына дейін түсіріп қояды. Құлақтарына ұзын інжулі үлкен сақиналарға ұқсайтын сырғалар тағады. Ұзын көйлектер киіп жүреді, оны жағдайларға қарай шұғадан, барқыттан, қамқадан және т.б. еуропалық жібек маталардан тігеді. Етіктері – әртүрлі теріден тігіледі, биік өкшелі қызыл және қара түсті болып келеді. Түйе, жылқы, бұқаларға мініп жүретіндіктен шалбарлары да соған ыңғайланып тігіледі, олардың қатарынан талай атақты шабандоз қыздар шыққан. Олар күйеулерін ешқашан атымен атамайды, мырза немесе төре деп атайды. Жас келінге қайын атасын тұңғышын дүниеге әкелмей тұрып көруге болмайды. Бір орыннан екінші орынға көшер кезде әйелдер киіз үйді жығады және жаңа жерге көшкенде оны тігеді, күйеуінің атына шөп салып, күйеуін атына мінгізіп жібереді. Әйелдер жүн түтіп, ұшық иіреді, тоқыма тоқып, көйлектер тігеді, үйі мен балаларының тәрбиесіне қарайды», - деп қазақ әйелдерінің сыртқы

келбеті мен киім-кешектері, отбасындағы, тұрмыс-тіршіліктегі орнын тамаша жазып кеткен [3, 65-66 бб.].

XIX ғасырдағы қазақ даласын зерттеген Ресей ғалымдары А.И. Левшин, В.В. Радлов, Б.Залесский, т.б. қазақтың қыздары мен әйелдерінің өмірі мен тұрмыс-тіршілігі құнды мәліметтер жазып, қалдырып кетті.

А.И.Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далалардың сипаттамау» атты еңбегінде қазақ әйелдері мәселесі де тысқары қалмаған. Қазақ әйелдерінің тұрмыстағы, отбасындағы жағдай туралы тарихшы былай дейді: «Қазақ халқының әйелдері ерлеріне ерекше құрмет көрсетеді және ерлеріне қарағанда өте еңбекқор келеді. Олар барлық шаруашылықты басқарады, олардың мойнында малға қарауда бар. Сонымен қатар олар қолөнермен айналысады және өздері мен балаларына арнап киімдер тігеді. Күйеулеріне қажетті барлық нәрселерді жасайды, тіпті күйеуінің атын ерттеп, оны атына отырғызып жібереді. Қазақ әйелдерінің осыншама еңбегі тек қана құлдықпен марапатталады, олар өздерін күйеуінің меншігі ретінде көріп, күйеулерін құдай ретінде санайды» [4, 330-331 бб.].

Қазақтардағы көп әйел алушылық салты туралы «Қырғыздарда байлардан өзге қарапайым адамдардың бір ғана әйелі бар. Кіші Орда ханы Нұралының 16 немесе 17 әйелі мен 15-ке жуық күні бар. Ханның 32 ұлы және 33 немесе 34 қызы бар. Қазақтарда әйелдер қауымы қоғамдық тәртіпті бұзбайды», - деп жазып кеткен екен [4, 331 б.].

Қазақ халқының әйелдерінің киім-кешектері, тұрмыстық пайдаланатын бұйымдары туралы А.И. Левшиннің еңбегінен құнды деректер табамыз. Ғалым өз еңбегінде қазақ әйелдері мен қыздарының киімдерінің әртүрлілігін айтып, әйелдердің ер-тоқымдарының басты айырмашылықтары туралы жазған болатын. Мысалы, А.И. Левшин киім-кешектері туралы «Қазақ қыздары конус тәрізді және ерлердікіне ұқсас барқыт немесе қамқадан тігілген бас киім киеді. Бас киімді алтын немесе күміс айылбастармен, меруерт және гауһар тастармен безендіреді. Төменгі жағына кәмшат немесе құндыз терісін тігеді де, жоғарғы жағына құс қауырсынын тағып қояды. Ал әйелдердің көйлектері ерлердікінен аз ғана айырмашылықты болып келеді. Белге дейін түймелері болады. Кейбір қырғыз әйелдері қарапайым шекпен немесе шапандар киіп жүреді, жазда бір немесе екі шекпен, ал қыс мезгілдері бірнешеуін киеді. Киімдерін қамқа және барқыт маталарынан тігеді. Қолдарына жүзік, сақина, білезіктер тағады, ал құлақтарына сырғалар мен кеуделеріне күмістен жасалған бұйымдар немесе түрлі-түрлі тастардан жасалған алқалар тағады. Белбеулері жібектен және теріден жасалады. Етіктері ерлердікіне ұқсас келеді. Күйеуге шыққан әйелдің бас киімі қиылған конус тәрізді болып келеді. Жоғарғы жағыннан жібек немесе талшықты матадан жабын арқаға дейін түсіріледі де, кәмшат терісін алтын немесе күміс, гауһар, кей жағдайда бағалы тастармен әшекейленген төменгі жағына тігеді. Әшекейленген жіптерді бет жағына, арқасына, кеудесінен белбеге дейін түсіріп қояды, тіпті жерге дейін түсіп тұратындар кездескен» [4, 308 б.]. Қазақ әйелдерінің қолан, бұрымды шаштарын А.И. Левшин тамаша сипаттайды: «Әйелдердің де, қыздардың да шаштары үнемі өріліп жүреді. Әйелдер шаштары екі немесе үш бұрымды етіп өріледі де, оның екеуін екі иығына түсіріп қояды, ал бір бұрымды арқасына жіберіп қояды. Тұрмысқа шықпаған қыздар шаштарын ұсақ-ұсақ етіп өріп қойып, түрлі-түрлі күміс бұйымдар тағып қояды» [4, 309 б.].

Қазақ даласында болған В.В.Радлов өзінің «Сібірден: күнделік беттерінен» атты еңбегінде қазақтар туралы құнды мәліметтер қалдырып кетті. Онда қазақ әйелдерінің сыртқы түр-сипаты туралы былай дейді: «Даланың шығыс аудандарында Левшин айтып кеткендей ерлер мен әйелдер келбеті арасындағы айырмашылықты мен байқамадым. Әйелдерден ерлер сияқты екі түрлі келбетті кездестіреміз. Әйелдер туралы айтар болсақ, моңғолдық кескін-келбет қатты көрінбейді, жас кездерінде сүйкімді болып келеді: 16-20 жастағы қыздар ерекше көз тартарлық, 25 жасқа дейінгі жас әйелдер де олардан қалыспайды, бірақ мен егде жастағы тартымды әйелдерді мүлде кездестірмедім. Әйелдер ерлерге қарағанда семіруге ерекше бейім келеді» [5, 251-252 б.].

Қазақ әйелдерінің киім киісіндегі бай, ауқатты әйелдердің киімдеріндегі ерекшелікті В.В.Радлов өз еңбегінде керемет жазады: «Әйелдердің сыртқы киімі ерлердікіне ұқсас келеді. Әдетте әйелдер бір немесе бірнеше шапан киеді. Бай отбасынан шыққан қыздар қысқа, жартылай жібек матадан тігілген шекпендер киген, кей кездері шекпеннің жағасын теріден тігіп киетін болған. Қазақтардың көйлегі кең және ұзын болып келеді, олар татар қыздарының көйлектеріне ұқсас келеді. Көйлектің кеудесіне дейін жібек жиек тігіледі, байдың әйелдері ол жерлерін түймемен, тиындармен әшекейлеген. Көйлектің беліне әйелдер мақтадан немесе жібектен жасалған белдік тағатын болған. Ауқатты әйелдерде ол өте

әдемі болып тігіледі. Әйелдер бастарына ақ орамалдар тағып жүреді. Қыздар орамалдың орнына әдемі терілерден қапталған бас киім киеді, оған бірнеше қауырсындар тағылады. Әдетте, бас киімдер иесінің жағдайына байланысты әртүрлі болып келеді. Олар көбінесе барқыттан, мақпалдан, жібек немесе шұғадан тігіліп, құндыз терісімен қапталған. Әйелдердің шалбары мен етігі ер адамдардікіне өте ұқсас келеді, бірақ қазір қазақ әйелдері жұмсақ татарлық етіктер мен кәлөштер киеді. Аттың үстінде жүруге арналған тақалы етікті қазақтардан көрмедім» [5, 293 б.].

В.В. Радлов өз еңбегінде қазақ әйелдерінің шаштарын сәндеуін және әшекей бұйымдарды тағуын былайша сипаттайды: «Әйелдер мен қыздар бір-бірінен шаш үлгілері арқылы ерекшеленеді. Әйелдер шаштарын екі немесе үш бұрымға бөліп өреді, екеуін екі иығынан төмен түсіріп, металл пластинкалар, қабыршақтар және інжулер тағады. Бай қазақтар көп әшекей бұйымдар таққанды жақсы көреді, көбінесе күмістен жасалған сақиналар, білезіктер, алқалар тағады. Сонымен қатар, опа және далаптар қолданып, тырнақтарын сары түске бояп жүрген» [5, 294 б.].

Қазақ әйелдерінің күнделікті тұрмыстағы киім-киісі мен бай және кедей әйелдерінің айырмашылықтарын, қазақтардың сән-салтанатқа қаншалықты назар аударатындығын В.В. Радлов қорытындылап былай дейді: «Жалпы айтқанда, барлық қазақтардың ері де, әйелі мен қыздары сән-салтанатқа ерекше назар аударады, сол себепті кедейлерден бай, ауқатты адамдарды бір көргеннен ажыратуға болады. Салақтау, ұқыпсыз және жинақсыз киінгендерді күйеуге шыққан әйелдер арасынан кездестіруге болады. Бұл көрініс бірден байқалады, себебі қыздар әдетте өте жақсы киінеді және көп жағдайда таза және ұқыпты болып келеді. Бірақ қыздар тұрмысқа шыққаннан бастап өздеріне қарауды мүлде ұмытып-ақ кетеді. Кедейдің әйелдері жинақсыз, ұқыпсыз болып киініп жүреді. Егде жастағы және бай, ауқатты әйелдер жап-жақсы болып жүрсе керек» [5, 294 б.].

В.В. Радлов қазақ әйелдерінің отбасындағы рөлі туралы былай дейді: «Қазақ әйелін көп мөлшердегі қалыңмалға сатып алғандықтан, меншігі ретінде қарайды. Әйеліне қатал, тіпті дөрекі болып та келеді. Бірақ мұны мына нәрсемен түсіндіруге болады: қазақ мұсылман болғандықтан әйелге төменгі сатыда тұрған адам ретінде қарайды. Дегенмен қазақ әйелдері қалмақ әйелдеріне қарағанда үлкен еркіндікке ие болып келеді. Олар әртүрлі мерекелерге қатысады және әйелдер үшін арнайы киіз үйлер тігіледі. Көрші ауылдағы әйелдер бір-біріне қонақ болып, барып тұрады. Тіпті тек қана әйелдер қатысатын бас қосулар да жиі-жиі болып тұрады» [5, 313-314 б.].

Қазақ даласында айдауда болған поляк революционері Б.Залесскийдің «Қазақ сахарасына саяхат» атты кітабінің «Қазақ әйелі» деп аталатын бөлімде: «Басқа мұсылмандар сияқты қазақ қыздары үйге қамалып отырмайды, оларды көлденең өткен көк аттыдан қызғанатын тәртіп жоқ, бұл мәселеге келгенде бұларды толық бостандықта деуге болады», - деп қазақ қыздарының еркін өмір сүргендігін жазады [6, 60 б.].

Қазақ әйелдерінің күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі атқарған жұмыстары мен көшпелі тұрмыстың әйел мойнына жүктейтін қыруар ауырпалығын, поляк қайраткері былай деп суреттейді: «...Барлық жұмыс әйелдің мойнында. Көшкенде киіз үйді жығып, қонған жерде оны тігу, үйдегі бар тіршілікке бас көз болып, дүниені орын-орнымен жұмсау, егер де отағасы жол жүрер болса, онда үйірден атын ұстап әкеліп ерттеу, сонан соң қожасын қолтықтап, атына мінгізіп жіберу – бәрі-бәрі де әйелдің міндеті. Ол қымызбен, тамақпен еркектерді, қонақтарды сусындатып, тойдырып болған соң ғана өзі тамақтануға отыруға тиісті. Бір сөзбен айтқанда, осы бір сүренсіз тіршіліктің ұйытқысы – әйел. Олар ауыр да тынымсыз жұмыстың әсерінен тез қартайып, әсіресе, орта жасқа жетер-жетпесте беттерінің әрінен айрылады», - деп жазады [6, 61 б.].

Қазақ қыздарының, әйелдерінің келбеті және киім-киісі туралы Б. Залесский: «Қазақ қыздарының балғын шағындағы сұлулықтары ересен: қап-қара жанары шоқтай жайнайды, қырық өрім ғып өрген бұрымы көмірдей қап-қара, ал маржандай тістері қандай. Тұрмысқа шыққанша олар жеңі кең ұзын көйлек сыртынан кеудеше сияқты оюлы камзол киіп жүреді. Қыздар моншақ, шолпы әсемдік заттарын өте жақсы көреді, кішкене алтын, күміс тиындарды мойнына алқа, шашына шолпы, құлаққа сырға ғып тағып, көбінесе білезіктің бірнеше түрін тағып жүреді. Былғары шашақ тағылып, оюланған етіктерінің ерлердің аяқ киімінен көп айырмашылығы жоқ.

Ұзатылған қалыңдық биік сәукеле киіп, сыртынан иегі мен мойнына, тіпті иығына дейін, бет-аузын түгел жауып тұратын ақ жаулық жамылады. Басқа киімдері бойжеткеннің күнделікті көйлек-көншегінен көп өзгеше болмайды. Алайда, олар бұдан басқа ерлердікіне ұқсас шапан, ұзын тізе киім киеді. Кейде бірнеше шапанды қабаттап кигізіп, белін буып қойған икемсіз қалыңдықты алыстан көрген кісі оны басындағы жаулығына қарап айырмаса, ер адам деп ойлап қалардай» [6, 61 б.].

Қазақ халқындағы көп әйел алушылық туралы Б.Залееский : «Бірінші әйел – бәйбіше сәл қартайта бастағанда дәулетті еркек екінші әйелге, сонан соң үшінші әйелге үйленеді. Дәулеті асқан қазақ одан да көп әйел алады, бірақ ол қолы жеткендердің ғана ісі. Әрине, ондайлар әйелдерінің бас-басына жеке отау тігіп береді» [6, 61 б.]. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бәйбішенің орнының ерекше болатындығы жөнінде ол былай дейді: «Шындығында, бір әулеттің бар тіршілігіне басшылық жасайтын біреу ғана болмақ. Тәртіп бойынша билік тізгіні негізінен бәйбіше – үлкен әйелдің қолында болуға тиіс» [6, 62 б.].

Қазақ халқындағы қалыңмал жайлы поляк қайраткері: «Қызға құда түскен жігіт жағы оның әкесімен алдын-ала жасаған келісім бойынша қалыңмал төлеуге міндетті. Қалыңмал мөлшері құдалардың мүмкіндігіне, әлеуметтік дәрежесіне қарай, мал санымен ондаған, жүздеген қой, жылқы, тіпті бірнеше түйе беретін болып мөлшерленеді», - деп жазған [6, 62 б.].

XVIII-XIX ғасырдағы қазақтың қыздары мен әйелдерінің тұрмыс-тіршілігі туралы деректі, біздің өлкемізді зерттеуге келген кез-келген Ресей ғалымының еңбегінен табуға болады. Бұл зерттеулерде негізінен әйелдердің киім-кешегі, күнделікті атқарған жұмыстары, отбасындағы, қоғамдағы орны, қалыңмал мөлшері, жасауы және оның құрамы, қазақ әйелдерінің қолөнерлік бұйымдары, қазақтардағы көп әйел алушылық және оның себептері, әйелдердің бала тәрбиесіндегі алатын орны жөнінде баяндалған.

1. Джон Кэстль. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілхайырға барып қайтқан сапары туралы күнделігі. - Алматы: «Атамұра», 1996. - 92 б.
2. Рычков П.И. Рычков Н.П. Капитан жазбалары (жолжазба очерктер). - Астана: «Аударма», 2002. - 144 б.
3. Андреев И.Г. Описание орды киргиз-кайсаков. - Алматы: «Ғылым», 1998. - 280 с.
4. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. - Алматы: «Санат», 1996. - 656 с.
5. Радлов В.В. Из Сибири: Страницы дневники. - Москва: «Наука», Главная редакция восточный литературы, 1989. - 749 с.
6. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы: «Өнер», 1991. – 132 б.

Ыбырайхан М.Ы.

СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ

XIX ғасырдағы көптеген орыс кәсіпкерлері кен көздерін жергілікті қазақтардан арзан бағаға сатып алып, өз істерін дамытқан болатын. Қазақ жерінде осы жолмен жұмыс жасаған көпестердің бірі Степан Иванович XIX ғ. 30-шы жылдары бастаған істі ұрпақтары жалғастырған болатын. Томдық көпестер әулеті тау-кен ісімен Ресей және Қазақстанның шығыс, орталық аймақтарында да айналысты. Мұрагерліктен қалдырылған, ал кейбір бөлігі жеке мәлімделген иеліктер негізінде тау-кен ісінің алғашқы бастаушысы Степан Иванович Поповтың немересі Степан Александрович Попов XIX ғ. 80-ші жылдары жаңа өндіріс орнын ашады.

Кен іздеушілер жұмысының бұл кезеңі негізінен Қазақстанның орталық өлкесінің оңтүстігіне қарай, басқаларға қарағанда ұзақ уақыт жұмыс жасаған тек С.А. Поповқа тиесілі бірнеше зауыттар пайда болған Қарқаралының оңтүстігіне бағытталады. Бәсекелестердің толассыз келуі жағдайында, Попов басқа кәсіпкерлер секілді тау-кен заңнамасының кәсіпкерлерге үлкен мүмкіндіктер берген көлемдегі жер бөліктерін иелік етуге ұмтылды. Осылайша, біз 1886 жылдан 1888 жылға дейін, яғни екі жыл ішінде Попов 50-ге жуық әртүрлі кен орындарына мәлімдеме жасағаны жайлы мәліметтерді кездестіреміз [1].

Әдеби мәліметтер бойынша Қарқаралыдан оңтүстік-шығысқа қарай 18 верст жердегі Жалғызқарағай шатқалындағы Иоанно-Богословск кенішінде тұрғызылған С.А. Поповтың алғашқы зауыты – Космо-Дамиановск 1887 ж. 1 қарашасында іске қосылды. Қарқаралыдан оңтүстік-батысқа қарай 350 верст қашықтықтағы Қызылеспе шатқалында Царево-Александровск кенішінің жанында негізі қаланған басқа зауыт – Степановскийдің құрылысы 1888 ж. 1 қаңтарында аяқталды. Осы мәселеге